**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қайталама қорытынды**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
(білім беру ұйымының атауы)

**Ақтөбе қаласы** **«26» сәуір 2024 жыл, 17 сағат 00 минут**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау өлшемшарттары) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 12-16.02. аралығында **«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК** мемлекеттік аттестаттау өткізілген болатын.

Нәтижесінде бұзушылықтар анықталып, Департаменттің 16.02.2024 жылғы № 18-2-4-06/382қатынас хатымен анықталған кемшіліктерді көрсете отырып мемлекеттік аттестаттау туралы қорытынды берілді.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК** мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша берілген бұзушылықтарды жою туралы Департаменттің 16.02.2024 жылғы комиссияның №17 хаттамалық шешімі негізіндегі қорытындысына сәйкес және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК ұсынған 23.02.2024 жылындағы №164 шығыс хатымен іс-шаралар жоспарын ескере отырып, бұзушылықтарды жоятын мерзімін көрсете отырып, Департаменттің 23.02.2024 жылғы №95 н/қ бұйрығымен аттестатталмады.

Осыған орай 16 сәуір 2024 жылғы №167 хатпен бірге ұсынған қайта аттестаттау материалдары бойынша 2024 жылдың 22.04-26.04. күндері аралығында келесі құрамдағы комиссиямен қаралды:
жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2024 жылғы 26 сәуірдегі №238 н/қ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1. Мухамбеталина Жанар Тыныштыковна – Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Жантурсина Гаухар Сабыровна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№25 «Ерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Боташова Урзада Жеткергеновна - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «№32 "Қуаныш" бөбекжай-балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі

Комиссиямен мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған бұзушылықтардың жойылғандығын айқындау мақсатында балабақша ұсынған кемшіліктерді жою материалдарымен, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтерін салыстыра отырып білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК тарапынан кемшіліктерді жою бойынша растаушы құжаттар және «Кемшіліктерді жою есебі» ұсынылған.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары**

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;**

1. **Кемшілік:** Бағалау өлшемшарттарының 9.3 тармағы талабына сәйкес емес, өйткені «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымның 2023-2024 оқу жылына арналған штаттық кестесіні анықтау мүмкін болмады. Себебі, штаттық кестенің көшірмесі ұсынылмаған.
2. **Кемшілік:** МДҰ сайтына 2023-2024 оқу жылының кадрлар құрамы бойынша әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес кесте ұсынылмаған.
3. **Кемшілік:** «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» талабына сәйкестігі анықталмады, өйткені тәрбиеші Бекетаева Жамила Зейноллаевна мен тәрбиеші Батаева Гүлфат Қонысбайқызының біліктілік санаттары бар немесе жоқтығын дәлелдейтін қосымша құжаттар көшірмесі ұсынылмаған.
4. **Кемшілік:** Білім беру ұйымы тарапынан әдістемелік ұсынылардың 2-қосымшаға ұсынылмау себебі, педагогтардың медициналық тексеруден 2023-2024 оқу жылына өткендігін немесе өтпегендігі анықталмады.

**Жойылу барысы:**

<u>**Кадрлық құрамға талдау**</u> Қайта аттестаттау кезеңінде 2023-2024 оқу жылына арналған штаттық кестенінің көшірмесі МДҰ-ның әлеуметтік сайтында жарияланып ұсынылған.



2023-2024 оқу жылының кадрлар құрамы бойынша әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес кесте ұсынылды. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымда

жұмыс жасайтын 6 педагогтың білімі туралы құжаттары МДҰ сайтында ұсынылған құжаттардың негізінде анықталды. Олар төмендегі кестеде көрсетілген:



Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» талабына сәйкестігі анықталды, төмендегі аталған тәрбиешілер Бекетаева Жамила Зейноллаевна, Батаева Гүлфат Қонысбайқызының біліктілік санатының куәлігінің көшірмесі ұсынылды.



**<u>Медициналық тексеруден өткені туралы</u>**

Білім беру ұйымы тарапынан әдістемелік ұсынылардың 2- қосымшаға сәйкес педагогтардың медициналық тексеруден 2023-2024 оқу жылына өткендігі анықталды. Төмендегі тізім бойынша МДҰ қызметкерлерінің медициналық кітапшаларының көшірмелері ұсынылды. Жыл сайын медициналық *зерттеп-қараудан өтеді»* талабы орындалған.

| № | ТАЖ | Медициналық тексеруден өткен және жарамдылық мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | Абдулиева Баян | 12.04.2024-07.09.2024 |
| 2 | Арипова Гульзат | 06.09.2023-06.03.2024 |
| 3 | Батаева Гулфат | 05.04.2024-07.09.2024 |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Бектаева Жамила | 11.04.2024-07.09.2024 |
| 5 | Иса Индира | 15.03.2022-11.09.2022 |
| 6 | Искакова Жайнагүл | 08.12.2023-08.06.2024 |
| 7 | Косымова Гулзар | 13.06.2023-27.05.2024 |
| 8 | Саки Гулсезим | 05.04.2024-07.09.2024 |

**ҚАЙТАЛАМА ҚОРЫТЫНДЫ:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК-ның қайта аттестаттауға ұсынған құжаттарын зердей келе өлшемшарттардың 9.4 және 9. 3 бөлімдері бойынша бұзушылықтар толығымен жойылған. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығы талаптарына СӘЙКЕС КЕЛЕДІ.

**Мемлекеттік қайталама аттестаттау нәтижесі:**

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары бойынша бұзушылықтың толық жойылғандығына орай аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 26 сәуірдегі №45 хаттамалық шешіміне сәйкес мемлекеттік аттестаттаудың қайта қорытындысы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке биауданының білім бөлімі» ММ-нің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК-ны **«Аттестатталды».**

Комиссия төрағасы: Ж.Мухамбеталина

Комиссия мүшелері : Г.С.Жантурсина

У.Ж.Боташева